

**«Ата-аналар сұранысы бойынша
жеке жұмыстар жүргізу»**

Ата-аналар сұранысы бойынша жеке жұмыс жүргізу

Мақсаты: Ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу.

Міндеттері: ата-аналарды өздерінің балаларының жан-дүниесін түсінуге шақыру, ата-аналарға балаларды Салауаттылыққа тәрбиелеудегі отбасының ролі жайлы түсіндіру.

Қолданылатын әдіс - тәсілдер: түсіндіру, сұрақ - жауап, жаттығулар

Көрнекілігі: тақырыпқа байланысты нақыл сөздер жазылған слайд

Тренинг ережесі:

1. Сөзді болмеу

2. Бір-біріне келергі жасамау

3. Бірігіп жұмыс жасау

4. Сенімділік, Сыйластық, Жақын араласу

I. Ұйымдастыру кезеңі: - Тренингке қатысушыларды шеңбер жасап тұрғызу.

- Сәлемдесу. Бір күнгі танысына қырық күн сәлем дегендей біз бүгін бір – бірімізбен дәстүрден тыс амандасу түрін жасаймыз.

1 нұсқа. Алақанымыздың ішін және сыртын тигізіп бір – бірімізге күлімсірей қарайық

2 нұсқа. Бір – бірімізге маңдайларымызды тигізіп сәлемдесеміз.

3 нұсқа. Оң және сол жақ иықтарыңызды тигізіп сәлемдесу. Сәлемдесу кезінде қандай әсерде болдыңыздар? Өмірдегі ең маңызды тіреулеріңіз кім? (Бала, жанұя, отағасы, т.б.)

II. Негізгі бөлім «Жүрекшемен жаттығу» Бала сіз үшін кім? Жүрекшені бір-біріне ұсынып сұраққа жауап беру. Бала – болашағым, серігім, бақытым, өмірімнің жалғасы т.б.

«Өзіңді теңей біл» Әркім өзін бір затқа немесе бір табиғат құбылысына теңейік. Мысалы: Мен бұлақпын. Мен адамдарды, жануарларды қоректендіремін. Мен өмірге керекпін.

«Күн шуағы» Ойлауға арналған сұрақтар. Әр адам аяқталмаған сөйлемі бар үлестірімелер алады да өз сөздерімен сөйлемді аяқтайды, күнге күн шуақтарын жалғайды

1. Ең үлкен қорқыныш бұл –

2. Мен мынадай адамдарға сенбеймін.....

3. Мен ренжимін, егер....

4. Мен қуаныштымын, себебі.....

5. Баланы үнемі қолдап отырса.....

6. Мен үшін бақыт деген.....

7. Отбасының қорғаны кім?

8. Балаңыз сізге қасқыр мен түлкі туралы ертегі айтып беруін өтінді, сіздің әрекетіңіз

9. Мақалды жалғастыр. Бала жас шыбық... (қалай исең, солай иіледі)

10. Ана бауырындағы бұлақ.... (бала жағасындағы құрақ)

11. Балаңыздың қандай да бір іске өнері, қызығушылығы байқалса не істер едіңіз?

12. Сіздің балаңыз сізге түн неге қараңыз? Күн қайда кетті? деген сұрақтар қойса, қалай жауап берер едіңіз

13. Балаңызды еркелеткенде қандай сөздер айтасыз?

14. Балаңыз сізді ренжітті, сіздің іс - әрекетіңіз.

Өтінемін» ойыны. Мен сіздерге бірнеше нұсқаулар айтамын. Сіздер іс – қимылмен көрсетесіздер. Мен «өтінемін» сөзін қосып айтқанда ғана қимылды жасайсыздар. Мысалы: Өтінемін қолымызды көтерейік Өтінемін билейік Ал енді бір – бірімізді құшақтайық. Өтінемін бір – біріңізге қарап қымыңыздар т.б. ата-аналар жалғасырады.

Қорытынды бөлім. Ата - анаға көз қуаныш, Алдына алған еркесі.

Көңіліне көп жұбаныш. Гүлденіп ой - өлкесі,- деп Абай атамыз ата - ананың қуанышы, гүлденген үміт, арманы тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата - аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Адам да өмір сияқты, күлмесе жайнап өспейді дейді. Сондықтан да мына жайттарды есімізге ұстайық: «Отбасында берілген тәрбие жігерінді құм қылып, жерге қаратпаса десен балаға кішкентайынан түзу тәрбие бер»,- деп ата - бабамыз айтқандай, бала тәрбиесіне уақытында көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпағын тәрбиелейік. Егер ата - ана мен балабақша өзара тығыз байланыста болса, балаларға бірдей талап қойып отырса, тәуелсіз еліміздің ұл - қыздары жан - жақты дамыған азамат болып шығары сөзсіз Адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі - баланың ата - анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Бұл – жас ұрпақтың мәдениеттілігін, әдептілігінің ғана емес, ең алдымен, адамшылығының белгісі.

Бала – ата - ана өмірінің жалғасы.